

**"2020-2022 жылдарға арналған Қармақшы ауылдық округінің бюджеті туралы"
Қармақшы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293 шешіміне
өзгерістер енгізу туралы**

Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 8 қазандағы № 375 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 13 қазанда № 7713 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы кодексінің 109-1 бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-7 тармағына сәйкес Қармақшы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2020-2022 жылдарға арналған Қармақшы ауылдық округінің бюджеті туралы" Қармақшы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293 шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7178 нөмірімен тіркелген, 2020 жылғы 17 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтың 1), 2) тармақшалары жаңа редакцияда жазылсын:

"1) кірістер – 87 148,5 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 1 312,5 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0;

трансферттер түсімдері – 85 836 мың теңге;

2) шығындар – 87 148,5 мың теңге";

аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қармақшы аудандық мәслихаты сессиясының төрағасы

Қармақшы аудандық мәслихатының хатшысы

Д. Буханов

М. Наятұлы

Қармақшы аудандық мәслихатының

2020 жылғы 8 қазаны № 375

шешіміне қосымша

Қармақшы аудандық мәслихатының

2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293

шешіміне 1-қосымша

Санаты			Сомасы , мың теңге
Сыныбы			
Кіші сыныбы			
Атауы			
		Кірістер	87148,5
1		Салықтық түсімдер	1312,5
	01	Табыс салығы	79,5
	2	Жеке табыс салығы	79,5
	04	Меншікке салынатын салықтар	1233
	1	Мүлікке салынатын салықтар	10,2
	3	Жер салығы	80,5
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	1142,3
2		Салықтық емес түсімдер	0
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
4		Трансферттердің түсімдері	85836
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	85836
	3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	85836
Функционалдық топ			Сомасы , мың теңге
Функционалдық кіші топ			
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
Бағдарлама			
Атауы			87148,5
2. Шығындар			
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	19221,2
	1	Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	19221,2
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	19221,2
	001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	19002,5
	022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	218,7
04		Білім беру	36576
	1	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	36576
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	36576
	041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	36576
05		Денсаулық сақтау	3
	9	Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер	3
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3
	002	Шұғыл жағдайларда наукасы ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін жақын жердегі денсаулық сақтау ұйымына жеткізуді ұйымдастыру	3
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	3559,3
	3	Елді-мекендерді көркейту	3559,3

	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3559,3
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	209,2
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	3350,1
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	21777
1		Мәдениет саласындағы қызмет	21777
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	21777
	006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	21777
15		Трансферттер	6012
1		Трансферттер	6012
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	6012
	051	Мемлекеттік органдардың функцияларын мемлекеттік басқарудың төмен тұрған деңгейлерінен жоғарғы деңгейлерге беруге байланысты жоғары тұрған бюджеттерге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	6012
		3. Таза бюджеттік кредит беру	0
		4. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0
		5. Бюджет тапшылығы (профициті)	0
		6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК